

«Балқаш қаласының №4 ЖББМ» КММ 2022 жылдың қаңтар-сәуір аралығындағы Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпараты

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «Бастауыш, бастауыш сыныптардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 25 маусымда №20899 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 маусымдағы №264 бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат мектеп фойесінде орналасқан стендте және қабылдау бөлмесіндегі көрнекі кітапшаларда мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген.

Оқушылардың заңды өкілдері мен мектеп қызметкерлері үшін мектеп фойесінде электронды мемлекеттік қызметтердің «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының «e-gov» электронды үкіметі порталы арқылы e-bilimal азаматтың Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінбей-ақ, мемлекеттік қызметті электронды түрде алу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет 6 жастан 18 жасқа дейінгі жеке тұлғаларға (мемлекеттік қызметті алушыларға) көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті мектептің белгіленген жұмыс кестесімен мектептің жауапты тұлғалары жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліспен көрсетіледі. Қызметті алдын ала тіркеу және жедел тіркеу қарастырылмаған.

Мектеп келесі қызметтерді көрсетті:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 75.
2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыруға құжаттарды қабылдау. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 4.
3. Денсаулығы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 2.
4. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ХҚО, көрсетілетін қызметті алушының АЖ, ЭҮП арқылы көрсетілетін қызметті көрсетеді. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 0.

5. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру» мемлекеттік қызметтері. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 0.

6. «Аз қамтылған отбасы балаларының саяжайда және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуын қамтамасыз ету үшін құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру» мемлекеттік қызметтері. Көрсетілген қызмет саны: барлығы – 0.

Қызметтерді көрсету үшін құжаттама жүргізіледі: папка, журнал, қызмет көрсетуге арналған карталар. Көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мектеп директоры:



И.Фролова